

*** Орталық
Қазақстан
ЭКОЛОГИЯСЫ
нашарлауы**

Орындаған: Агабекова А

Қабылдаған: Лаура Бейсбековна

- * Орталық Қазақстан өңірі өзінің табиғи географиялық жағдайы мен орналасуына байланысты ежелгі қазақ тарихында ерекше орын алады. Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде бұл аймақты ежелден алғашқы адамдардың мекендегені анықталған. Бұл уақыт тарихи дәуірлеу бойынша б.з.б. 5-3 ғ-лар аралығы. Олар негізінен терімшілікпен, аңшылықпен, сонымен қатар балықшылықпен де косымша айналысқан. 15-25 адамнан тұратын алғашқы адамдар қауымдық тобырларды құрады, Қазақстанаумағында өмір сүрген алғашқы адамдар патекантроптың замандастары еді. Олар отты пайдалануды, мамонт сүйегінен, мал терісінен карапайым үй салуды үйренді.
- * Обалысай I, Жаман Айбат, Семізбұғы ежелгі елді мекендерінен тас құралдар: шапқышар, қырғыш, кескіш, тілгіштер, жебелердің ұштары, жұмыр тастар және т.б. табылған. Ағаштан және сүйектен жасалған еңбек құралдары сақталмаған. Алғашқы адамдар қоныстарының ішіндегі ең белгілісі Батпақ-8, 12, Мұзбел-1, Сарыарқа, Оғызтау-1, 2 тұрақтары.

- * Табиғат жағдайы
- * **Ауданның құрамы:**
- * Қарағанды облысы
- * Ауданы 428 мың км²
- * Халқы 1339 мың адам
- * Орташа тығыздығы: 3,1 адам/км²
- * Орталық Қазақстан - республикамыздағы су жетіспейтін аймақтардың бірі, теңіздерден қашық жатуымен бірге ірі өзендері де жоқтың қасы. Бірақ минералды ресурстарға бай аймақтың бірі. Сарыарқа жері пайдалы қазбалардың көмбесі десе де болады. Мұнда- көмір, темір кені, мыс, марганец, алтын, күміс, мұнай және т.б. пайдалы қазбалар кездеседі. Орталық Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының қолайлылығы орталықта орналасуында, яғни барлық экономикалық аудандармен шектеседі. Пайдалы қазба кен орындарына жақын орналасқан, аумағы транзит жолының үстінде және көлік қатынасы жақсы дамыған. Аудан шекарасының басқа республикалармен шектеспеуі ауданның сыртқы байланысының дамуына, ал климатының қуаң болуы ауыл шаруашылығын өркендетуге қолайсыз әсер етеді. Климаты шұғыл континенталды, қысы суық, боранды желдер жиі болып тұрады. Жылдық түсетін жауын-шашын мөлшері шамамен 250 мм Вегетациялық кезеңнің ұзақтығы 160 күн. Осындай агроклиматтық жағдай ауыл шаруашылығының салаларын дамытуға кері әсерін тигізуде.

* Табиғат ресурстары

* Орталық Қазақстанды минералды ресурстардың қазынасы десек те болады. Бұл ауданда пайдалы қазбалардың алуан түрі және үлкен қоры шоғырланған. Жер қойнауындағы көмірдің мол қоры Қарағанды көмір алабында орналасқан. Сонымен бірге 100% кокстелетін көмір де осында. Мыс кен орындары Балқаш маңы мен Жезказғанда, марганецтің 100%-ы Атасу және Жезді кен орындарында шоғырланған. Сонымен бірге мұнда сирек металдар да кездеседі. Вольфрам мен молибденнің негізгі кен орындары Жоғары Қайрақты, Көктенкөл, Солтүстік Қатпар, Қараоба және Оңтүстік Жауырда орналасқан. Оңтүстік Торғай мұнай газ алабында мұнай мен газдың 3 кен орны анықталып, барлау жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге кенсіз пайдалы қазбалардың қоры анықталып, әсіресе құрылыс материалдары көптеп шоғырланған. Аудан жеріндегі пайдалы қазбалардың ерекшелігі - олардың бір-біріне жақын орналасуында.

* Орталық Қазақстан - республикамыздағы ірі индустриалды аудандардың бірі. Жалпы ауданның аймақтық өнім шығарудағы үлесі 9%-дан астам. Кен орындарының барланған қоры - отын, электр қуаты, металлургия өнеркәсібін дамытуға мүмкіншілік береді. Ауданда ірі тау-кен металлургия кешені калыптасқан. Оның құрамына тау-кен өндірісі салалары мен кара және түсті металлургия кәсіпорындары, көмір өнеркәсібі кіреді. Аудан экономикасында отын өнеркәсібі маңызды рөл атқарады. Мемлекетіміздің маңызды көмір базасына Қарағанды тас көмір алабы жатады. Онда республикада өндіретін тас көмірдің 32%-ы ендіріледі. Қара металлургия өнеркәсібінің дамуы Теміртау қаласындағы толық циклді комбинатқа байланысты. Комбинатта шойынның 100%-ын, болаттың 97%-ын шығарады. Қуаттылығы жөнінен ТМД көлеміндегі металлургия кәсіпорындарының арасында 7-ші орында. Түсті металлургияда карқынды дамығаны мыс ендіру саласы, бірақ басқа да түсті металдардың қоры аз емес. Ірі тау-кен металлургия комбинаты Жезқазғанда (Қазақстандағы ірі комбинат) және Балқашта салынған. Бұл жерде өндіру, байыту және шақпақталған мысты алу кешенді түрде дамыған. Мыстың мұндай түрі тек Орталық Қазақстанда шығады Орталық Қазақстан аумағында Қарағанды-Теміртау АӨК және Балқаш-Жезқазған өнеркәсіп тораптары орналасқан. Бір-бірімен жоғарғы электр желісі арқылы және темір жолмен байланысады. Қарағанды- Теміртау АӨК (ең қуаттысы) көмір өнеркәсібінің негізінде қалыптасқан. Орталығы Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинаты. АӨК-нің құрамына өнеркәсібі дамыған Абай, Саран, Шахтинск қалалары, қала типтес Долинка, Шахан, Топар және т.б. кенттер кіреді. Бұл кешенде металды көп кәжет ететін машина жасау және негізгі химияның салалары дамыған. АӨК-ні сумен Ертіс - Қарағанды каналы және Нұра су қоймасы камтамасыз етеді. Балқаш және Жезқазған өнеркәсіп тораптары, толық циклді мыс өнеркәсібінің дамуына байланысты қалыптасқан тау-кен байыту комбинаты (оның құрамына кен орны, карьер, байыту фабрикалары, мыс балқыту зауыттары) жұмыс істейді. Орталық Қазақстанның өндіріс салалары көбінесе қоршаған ортаға қолайсыз әсер етеді. Зиянды калдықтарды азайту үшін кәсіпорындар өнімдерінің калдығын химия өнеркәсібінде пайдаланады. Жезқазған және Балқаш қалаларында күкірт қышқылы өндірілсе, Теміртау қаласында азот тыңайтқышы, тас көмір шайыры, бензол шығарылады. Қожды құрылыс материалы ретінде және цементке қосуға пайдаланады. Күкірт қышқылын өндіруден Орталық Қазақстан Шығыс Қазақстаннан кейін 2-ші орында.

- * Экологиялық проблемалары
- * Республика аймағында бірнеше ірі экологиялық қолайсыз аймақ болса, соның бірі - Қарағанды облысы (орталық аудан). Экологиялық тепе-теңсіздіктің негізгі көзі: ауаның, судың және топырақтың ластануы, өнеркәсіп қалдықтарының әсерінен және аумағының Семей полигонына жақын орналасуынан. Көптеген пайдалы қазбалардың кен орындарында тиісті экологиялық талаптарды орындамай пайдаланғаннан кейін ашық күйінде тастап кеткен немесе істен шығарылған. Бұл да қазіргі кезде қоршаған ортаға өз зиянын тигізуде.^[1]
"Байқоңыр" ғарыш айлығынан ұшырылған "Протон" зымырантасығышы 1999 жылы екі рет құлап, Қарқаралы, Жаңаарқа аудандарының жері мен ауасын гептил отынымен улады.